

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Зат есім

ЖАРИЯЛАНДЫ 02.06.2020	СІЛТЕМЕ <a href="https://bilimger.kz/76082/">https://bilimger.kz/76082/</a>
--------------------------	--

Мектеп: Ы.Ноғайбаев атындағы №18 орта мектеп		
<b>САБАҚ:</b> Қазақ тілі <b>ТАҚЫРЫБЫ:</b> Зат есім		
Күні:	Мұғалімнің есімі: Молдахан Ж.А	
Сынып: 4	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабаққа негізделген оқу мақсаты	4.1.6.1-белгілі бір тақырыпта берілген мәтіннің түрлерін, жанрын, стилін салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 4.2.4.1 – мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы негізгі ойды тұжырымдау.	
Сабақ мақсаттары:	Барлық оқушылар: Оқыған мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін, негізгі ойын анықтайды. мәтіннің мазмұнын болжайды және өз ойын дәлелдейді Көптеген оқушылар: Мәтіндегі негізгі және туынды зат есімді табады. Кейбір оқушылар: Берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.	
Бағалау критерийлері: (жетістік критерийлері, табыс критерийлері, күтілетін нәтиже)	Мәтін бөліктерін ажыратады. Мәтіннің айырмашылығы мен ұқсастығын табады. Мәтін мазмұнын болжайды.	
Құндылықтарды дарыту	Адамгершілік, еңбекқорлық.	
Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім	Сөз таптары.	
<b>Жоспар</b>		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар	Ресурстар

<p>Басталуы</p>	<p>(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылар шеңбер бойымен тұрып, әр оқушы өз бойындағы жақсы қасиеттерді айтады, қалған оқушылар «Бұл КЕРЕМЕТ» деп бас бармақтарын көрсетіп, қолпаштайды. Балалар парта үстінде тұрған түрлі-түсті қағазды таңдайды.Топқа бөлініп отырғызып, әр топ өзіне атау қойып, топ басшысын сайлайды. Алдыңғы білімді еске түсіру (жеке,жұпта,топта, ұжымда) 1. Қазақ тілінде неше жалғау бар? (4) 2.Тәуелдік жалғауы неше жақта тәуелденіп қолданылады? 3.Жалқы есім дегеніміз не? 4. Жалпы есім дегеніміз не? «Миға шабуыл» әдісі Тақтада тұрған, сөзжұмбақты шешу Сұрақтары жұмбақ арқылы берілген 1. Көп моншақ үй үстіне қойдым шашып, Қарасам толып жатыр көзін ашып Үйіме сәулеленіп түссе жарық, Кетеді әлгі моншақ бәрі қашып (Жұлдыз) 2. Ат міндім қарала аяқ қаздақтатып Жүргенде жол салады табандатып (Қалам) Әрбір жұмбақты табу арқылы, жаңа сабақтың тақырыбы шығады. «ЗАТ ЕСІМ» Оқушылардан зат есімнің ережесін сұрау</p>	<p>Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау,толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.</p>				
<p>Ортасы</p>	<p>Оқулықпен жұмыс 22-жаттығу. 13-14 бет, (Т) Мәтінді оқып, мазмұны бойынша сұрақ қою. Дискриптор: 1.Мәтінді оқиды 2.Мәтіннің негізгі ойын анықтайды 3.Негізгі және туынды зат есімді анықтайды «Сұрақ қоюшы қалпақ» ойыны арқылы әр топтан бір оқушы қалпақ киіп, мәтін бойынша қалған топтарға сұрақ қояды. Болжамды сұрақтар: - Мәтін не туралы? - Орман ағаштарын ауруға шалдықтыратын құрт қалай аталады? - Жұлдызқұртты қандай құс тазалайды? - Ұзақ немен қоректенеді? - Ол қайда ұя салады? - Ұзақты «дәрігер құс» деп атауға бола ма? Неге? - Ұзақ тағы немен қоректенеді? - Ұзақтың зиянынан пайдасы көп дегенді қалай түсінесің? - Мәтіннің мазмұны мен тақырыбы бір-біріне сәйкес келе ме? <b>Топтық жұмыс</b> . Берілген тапсырма бойынша постер қорғау «От шашу » арқылы бағалайды <b>23-жаттығу. (Ө; Ұ; Қ) Жаңылтпашты жатқа жазу.</b> Шыншыл еңбекшіл-өрмекші, Өрмекші- шын өрнекші КБ: Туынды зат есім дегеніміз не? Сергіту сәті (Оқушылар орнынан тұрып, сергіту сәтін орындайды) <b>24-жаттығу. (Ө; Ж) Зат есімдерге -шы, -ші жұрнақтарын жалғау арқылы туынды зат есімдер жасау</b> Негізгі зат есімдерді бір бағанға, туынды зат есімдерді екінші бағанға жазу</p> <table border="1" data-bbox="375 1400 1141 1478"> <tr> <td>Негізгі зат есім</td> <td>Туынды зат есім</td> </tr> <tr> <td><b>мүсін</b></td> <td><b>биші</b></td> </tr> </table> <p><b>25-жаттығу. (ЖЖ) Кестені толтыру.</b> Қоян туралы не білетінін анықтау. Ол үшін жетекші сұрақтар қою. Сұрақтар: - Қоянның түрі қандай? - Ал түсі қандай болады? - Қоянның қасиеті туралы не білесіңдер? - Оның қандай пайдасы бар? Дескриптор: кестені толтыру үшін мәліметтер жинақтай алады. Кестеде берілген тірек сөздермен мәтін құрастыра алады.</p>	Негізгі зат есім	Туынды зат есім	<b>мүсін</b>	<b>биші</b>	<p>Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау,толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.</p> <p>3 мин</p>
Негізгі зат есім	Туынды зат есім					
<b>мүсін</b>	<b>биші</b>					
<p>Аяқталуы</p>	<p>Заттың атын білдіретін сөз табы қалай аталады екен? Құрылымы бойынша нешеге бөлінеді? Сұрақтары қандай? Мысалдар келтіру <b>Білім алушыларды мадақтау</b> Үй тапсырмасы Негізгі және туынды зат есімдерді қатыстырып 5-6 сөйлем құрау</p>					

Соңы	<b>Кері байланыс</b> Оқушылар стикерге жазып, ағашқа жапсырады <b>Нені білдім?</b> <b>Не қызықты болды ?</b> <b>Қиындықтар тудырды?</b>	
------	---	--

**ҚМ АА** Қуәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.